

"Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы Парламенті 1998 жылғы 4 ақпанда қабылдаған, Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға берілген Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) Республика Конституациясына сәйкестігі туралы" өтініші туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Қаулысы 1998 жылғы 8 наурыз N 1/2

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Төрағасы Ю.А. Ким және Кеңес мүшелері Н.И. Акуев, О.Қ. Ықсанов, В.В. Мамонов, С.Ғ. Темірболатов және В.Д. Шопин қатысқан құрамда, Қазақстан Республикасы Президентінің өкілі, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің заң және сот жүйесі мәселелері жөніндегі бөлімінің менгерушісі Т.С. Донаков, Қазақстан Республикасы Мәжілісі мен Сенатының өкілдері, депутаттар В.И. Пригодин және А.К. Котовтың қатысуымен өзінің ашық мәжілісінде Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Парламенті 1998 жылғы 4 ақпанда қабылдаған, қол қоюға берілген Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (ерекше бөлім) Республика Конституациясына сәйкестігі туралы өтінішін қарады.

Баяндамашы, Кеңес мүшесі С.Ғ. Темірболатовты, Қазақстан Республикасы Президентінің өкілі Т.С. Донаков, Республика Мәжілісі мен Сенатының өкілдері В.И. Пригодин мен А.К. Котовты тыңдай және сарапшы, заң ғылыминың докторы, профессор М.Л. Маковский мен мамандар - заң ғылыминың докторы, профессор М.А. Сәрсенбаев және заң ғылыминың кандидаты, доцент Г.Б. Исбаевың берген қорытындыларымен, сондай-ақ осы өтініш бойынша басқа да материалдармен таныса келе, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі ҮЙФАРДЫ:

1998 жылғы 2 наурызда Республиканың Конституциялық Кеңесіне Қазақстан Республикасы Президентінен Азаматтық кодектің (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының Конституациясына сәйкестігін қарau туралы өтініш түскен болатын.

Азаматтық кодектің (ерекше бөлім) мазмұнын, Конституциялық Кеңестің сұрауымен түскен материалдарды сарапшы және мамандар қорытындыларын зерттей, Қазақстан Республикасы Президентінің, Республика Парламенті Палаталарының өкілдерін тыңдай келе, Конституциялық Кеңес жалпы алғанда Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (ерекше бөлім) конституциялық нормаларға сәйкес келеді деп тапты.

Соған қарамастан, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Азаматтық кодектің (ерекше бөлім) "Халықаралық жеке құқық" атты 7-бөлімінің кейір нормалары Республика Конституациясының нормаларына сәйкес келмейді.

Мәселен, Азаматтық кодекстің (ерекше бөлім) 1085-бабының 3-тармағында "Шет елдік құқықты қолдану тек аталған норманың жария-құқықтық сипаты болғанда ғана шектелмеуге тиіс" делінген. Азаматтық кодекстің осы редакцияда берілген мазмұны мен мәніне жүгінсек, шет елдік мемлекеттің жария-құқық нормалары Қазақстан Республикасының аумағында сөзсіз қолданылуы мүмкін. Жеке құқықтық қатынастарды реттейтін Азаматтық кодекстің аталған нормасы Конституцияның 4-бабының 1-тармағында бекітілген норма талаптарына қайшы келеді, соған сәйкес, Республикада қолданылып отырған құқыққа елдің халықаралық шарттары мен басқа да міндеттемелерінің нормалары, оларды Республика бекіткен жағдайда ғана, енгізіледі. Бұл ереже Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің "Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1-тармағын және 12-бабының 2-тармағын ресми түсіндіру туралы" 1996 жылғы 28 қазандығы N 6 Қаулысында тұжырымдалған.

Азаматтық кодекстің 1085-бабының 3-тармағында редакциясында айтылғандар шет елдік жария-құқық нормаларының егемен мемлекеттің жария-құқықтық қатынастарына баса көктеп кіруді қарастырады. Мұндай қолданысқа жол бере отырып, заң шығарушы егемен Қазақстан Республикасының жария-құқықтық қатынастарына келтірілген нұқсанмен ерікті түрде келісетін болады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің "Қарсы шектеуіндегі" 1094-бабында "Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының азаматтары заңды тұлғаларының құқықтарына арнайы шектеулері бар мемлекеттердің азаматтары мен заңды тұлғаларының құқықтарына қатысты қарсы шектеулер (реторсиялар) белгілеуі мүмкін" делінген норма бар. Беріліп отырған редакциядағы Азаматтық кодекстің бұл нормасы Республиканың Негізгі заңының 39-бабының 1-тармағында және 61-бабының 3-тармағының 1) тармақшасында бекітілген екі бірдей конституциялық нормага қайшы келеді.

Конституцияның 39-бабының 1-тармағында адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары тек заңмен ғана шектелуі мүмкін делінген, демек, Үкіметтің басқа мемлекеттердің азаматтарының құқығына қатысты қарсы шектеулер белгілеуі, Азаматтық кодекстің 1094-бабында көрсетілгеніндей, аталған конституциялық нормаға қайшы келеді.

Оған қоса Азаматтық кодекстің 1094-бабы Республика Үкіметіне азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарына қатысты қарсы шектеулерді енгізуге құқық бергенімен, Республика Конституциясының 61-бабы 3-тармағы 1) тармақшасының: "Парламент ... жеке және заңды тұлғалардың субъектілігіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына, жеке және заңды тұлғалардың міндеттері мен жауапкершілігіне ... қатысты негізгі ... нормаларды белгілейтін заңдар шығаруға хақылы" делінген талаптарына сай келмейді.

Азаматтық кодекстің 1094-бабы, сондай-ақ Негізгі заңының 3-бабының 4-тармағында

белгіленген билікті бөлістіру жөніндегі конституциялық қағидаға да қайшы келеді.

Айтылғандардың негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабының 1-тармағының 2) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Жарлығының 17-бабының 2-тармағының 1) тармақшасын және 37-бабын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі қаулы етті:

1. Қазақстан Республикасының Президентіне 1998 жылғы 11 ақпанда қол қоюға берілген Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің (ерекше бөлім) 1085-бабының 3-тармағы Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 1 және 3-тармақтарына сәйкес емес деп танылсын.

2. Азаматтық кодекстің (ерекше бөлім) 1094-бабы Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабының 4-тармағына, 39-бабының 1-тармағына және 61-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес емес деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Жарлығының 39-бабының 1-тармағына сәйкес, Конституцияға сәйкес емес деп танылған зандарға қол қойылмайды және ол күшіне енбейді.

4. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына

сәйкес, осы қаулы қабылданған күннен бастап күшіне енеді, Республиканың барлық аумағына жалпы міндетті болып табылады, Қазақстан Республикасы Президентінің конституциялық заң күші бар "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Жарлығының 38-бабының 2 және 3-тармақтарында көрсетілген жағдайларды есепке алғанда ол түпкілікті және арыздануға жатпайды.

Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің
Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК